



Мазмұны

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	
Директорлар кеңесі	
Басқарма	
Департамент басшылары	
Корпоративтік басқару	
Акциянерлер және капитал	
Экономиканың және банк секторының дамуына шолу	
Банк секторы	
ЦентрКредит Банкінің 2010 жылғы қызметіне шолу	
Активтер	
Капитал	
Пайдалылық	
Несие	
Бөлшекті несие беру	
Жаңа технологиялар	
Депозиттер	
Халықаралық қатынастар	
Құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру	
Қор нарығындағы және банкаралық нарықтардағы операциялар	
Кастодиандық қызмет	
«Интернет - Банкинг» жүйесі	
«Үйдегі Банкинг» жүйесі	
Western Union Халықаралық ақша аудару жүйесі	
Жедел аударымдар	
SMS Банкинг	
Жедел түсім	
Жол чектерімен жасалған операциялар	
Ақпараттық анықтама қызметі және Телефондық Банкинг	
Төлем карточкалары	
Қызметкерлер	
Ақпараттық технологиялар	
Банктің өткізу желісі	
«BCC INVEST» АҚ	
«Центр Лизинг» ЖШС	
«Капитал» ЖЗҚ АҚ	
«Банк БЦК – Мәскеу» ЖШҚ	
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
ЦентрКредит Банкінің 2010 жыл ішіндегі басты оқиғалары	

Содержание

Обращение Председателя Совета Директоров	
Совет Директоров	
Правление	
Руководители Департаментов	
Корпоративное управление	
Акциянеры и Капитал	
Обзор развития экономики и банковского сектора	
Банковский сектор	
Обзор деятельности БЦК в 2010 году	
Активы	
Капитал	
Рентабельность	
Кредиты	
Розничное кредитование	
Новые технологии	
Депозиты	
Международные отношения	
Документарный бизнес и торговое финансирование	
Операции на фондовом и межбанковском рынках	
Кастодиальная деятельность	
Система «Интернет - Банкинг»	
Система «Домашний - Банкинг»	
Система международных денежных переводов Western Union	
Быстрые переводы	
SMS банкинг	
Быстрая выручка	
Операции с дорожными чеками	
Информационно - справочное обслуживание и телефонный банкинг	
Платежные карточки	
Персонал	
Информационные технологии	
Сбытовая сеть Банка	
АО «BCC INVEST»	
АО НПФ «Капитал»	
ООО «Центр Лизинг»	
ООО «Банк БЦК – Москва»	
Отчет независимых аудиторов	
Основные события Банка ЦентрКредит в 2010 году	



«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Б.Р. Байсейітовтің үндеуі

Құрметті акционерлер!

Еліміздің экономикасының оң өзгерістеріне қарамастан, 2010 жылы банк секторының іскерлік белсенділігі одан әрі төмендей түсті. Банктердің несиелік портфельдерінің көлемі төмендеді, күмәнді және үмітсіз несиелердің үлес салмағы артты.

Қаржы нарығының жағымсыз ағымдары банк қызметінің нәтижелеріне де өз ықпалын тигізбей қоймады. Несиелік портфельі сапасының нашарлай түсуінің салдарынан провизия құру қажеттігіне байланысты 2010 жылы банк 30,7 млрд теңге мөлшерінде теріс қаржылық нәтиже көрсетті. Бұл жағдайда банктің өтімділігі шамадан тыс көлемде болды, бұл бір жағынан оның қаржылық сенімділігін білдірсе, екінші жағынан оның жұмысының тиімділік көрсеткіштерін төмендетті.

Әйтсе де, 2010 жылдың қорытындысы бойынша банктің активтері 5,5%-ға артты, Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі ЦентрКредит Банкінің

үлесі 10,1% құрады. Жеке тұлғалардың салымдары 2010 жыл ішінде 17,2%-ға ұлғайды, бұл республикалық орташа көрсеткіштен 1%-ға артық. Банктің жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 14,9%-ға дейін артты.

Шағын және орта бизнесті несиелеу саласында банк әлі де Қазақстандағы көшбасшы орындардың бірін иеленуде. Объективті қиындықтарға қарамастан, банктің өз клиенттері, серіктестері мен акционерлері, еліміздің жұртшылығы арасындағы беделі жоғары. Қазіргі таңда клиенттерге қызмет көрсетуге байланысты процестерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша орасан зор жұмыстар жүргізілуде, Кооптін банкінің қатысуымен бірқатар жобалар ендірілуде, бұл клиенттерге халықаралық стандарттар деңгейінде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді және банкті көшбасшы орындарға көтереді.

Бұл орайда едәуір көлемде резервтеріміздің болуы, Кооптін банкі сияқты стратегиялық

инвесторымыздың қолдау көрсетуі, жоғары білікті мамандарымыз жоғарыда аталған қиындықтарды сәттілікпен шешеміз деп сеніммен айтуға негіз береді. Алдымыздағы 2011 жыл Қазақстан экономикасының дағдарыстан кейін қалпына келу және жаңа сатыда даму кезеңіндегі бизнес қажеттіліктеріне сәйкес несиелік портфельінің сапасын арттыруға, бизнес-процестерді жетілдіруге, банктің жаңа өнімдерін әзірлеп, өз тұтынушыларына ұсынуға бағытталады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Б. Байсейітов

Обращение Председателя
Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»

Байсеитова Б.Р.

Уважаемые акционеры!

Прошедший год, несмотря на позитивные изменения в экономике страны, отмечен дальнейшим снижением деловой активности банковского сектора. Продолжилось снижение объема ссудного портфеля Банков, значительно возрос удельный вес сомнительных и безнадежных кредитов.

Негативные тенденции финансового рынка отразились и на результатах деятельности Банка. Вследствие ухудшения качества ссудного портфеля, необходимости формирования провизий, в 2010 году Банк показал отрицательный финансовый результат в размере 30,7 млрд тенге. При этом Банк обладал сверхвысокой ликвидностью, что, с одной стороны, свидетельствовало о его надежности, а с другой снижало показатели эффективности его работы.

При этом по итогам 2010 года активы Банка возросли на 5,5%, доля Банка ЦентрКредит в совокупных активах Банковской системы

Казахстана составила 10,1%. Вклады физических лиц в 2010 году выросли на 17,2%, превзойдя средне - республиканский показатель на 1%. Доля Банка на рынке вкладов физических лиц увеличилась до 14,9%.

Банк продолжает занимать лидирующие позиции в Казахстане в области кредитования малого и среднего бизнеса.

Несмотря на возникшие объективные трудности, Банк продолжает пользоваться высоким авторитетом у клиентов, общественности страны, партнеров и акционеров. В настоящее время ведется активная работа по оптимизации и автоматизации бизнес-процессов, осуществляется внедрение ряда проектов с участием Kookmin Bank, что позволит предоставить клиентам сервис на уровне международных стандартов, выведет банк на лидирующие позиции.

Хотелось бы подчеркнуть, что наличие значительных резервов, поддержка

стратегического инвестора в лице Kookmin Bank, высококвалифицированный персонал позволяют быть уверенными в том, что имеющиеся проблемы будут успешно преодолены. Предстоящий 2011 год будет посвящен улучшению качества ссудного портфеля, совершенствованию бизнес-процессов, разработке и предоставлению новых банковских продуктов в соответствии с потребностями бизнеса, успешному вхождению в период посткризисного восстановления и нового этапа развития экономики Казахстана.



Председатель Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»

Б. Байсеитов

Директорлар кеңесі
Совет директоров

Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы
Директорлар кеңесінің төрағасы

Ли Владислав Сединович
Директорлар кеңесінің мүшесі

Suh Ki Youl
Директорлар кеңесінің мүшесі

Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі

Yang Cheon Sik
Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

Шалғымбаева Галина Николаевна
Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор

Байсеитов Бахытбек Рымбекович
Председатель Совета директоров

Ли Владислав Сединович
Член Совета директоров

Suh Ki Youl
Член Совета директоров

Аманкулов Джумагельди Рахишевич
Член Совета директоров

Yang Cheon Sik
Член Совета директоров- независимый директор

Шалгимбаева Галина Николаевна
Член Совета директоров- независимый директор

Еркеғұлов Нұртай Шайқыұлы
Корпоративтік хатшы

Иркегулов Нуртай Шайхиевич
Корпоративный секретарь





Басқарма
Правление

Ли Владислав Сединович
Банктің Басқарма төрағасы

Oh Ki Hong
Басқарма төрағасының орынбасары

Әлжанов Мақсат Қабыкенұлы
Басқарма төрағасының орынбасары

Lee Nam Kyu
Басқарма төрағасының орынбасары

Shim Moo Gil
Басқарма төрағасының орынбасары

Әділханов Бұлан Әділханұлы
Басқарма төрағасының орынбасары

Ли Владислав Сединович
Председатель Правления Банка

Oh Ki Hong
Заместитель председателя Правления

Альжанов Максат Кабыкенович
Заместитель председателя Правления

Lee Nam Kyu
Заместитель председателя Правления

Shim Moo Gill
Заместитель председателя Правления

Адилханов Булан Адилханович
Заместитель председателя Правления

Департаменттердің директорлары
Руководители Департаментов

Әбішев Мұрат Мейірханұлы
Қаржы департаменті

Асылбек Ержан Асылбек ұлы
Несиелік тәуекелдіктер департаменті

Бутырина Людмила Фёдоровна
Операциялық қызметтің есебін жүргізу және қолдау департаменті

Вон Галина Доннеровна
Адам ресурстары департаменті

Дәуітбаев Әсет Радылқанұлы
Корпорациялық қаржы департаменті

Давыдов Денис Владимрович
Бөлшекті бизнес департаменті

Ермаханов Ерлан Әмірбекұлы
Проблемалы несиелермен жұмыс жүргізу департаменті

Ермакова Диляра Фаридовна
Халықаралық қатынастар департаменті

Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы
Қазынашылық департаменті

Қайнарбекова Ғалия Қанатқызы
Бухгалтерлік есеп жүргізу және есепшілік департаменті

Кенжеханов Марат Төлеуғазыұлы
Ақпараттық технологиялар департаменті

Савченко Владимир Александрович
Заң департаменті

Тастанбеков Бақытжан Бахадырұлы
Қауіпсіздік департаменті

Николаева Светлана Николаевна
Бизнес-процестер департаменті

Harm Yeong Tak
Банк карточкалары департаменті

Шаяхметова Күләш Измағзамқызы
Әкімшілік департаменті

Абишев Мурат Мейрханович
Финансовый департамент

Асылбек Ержан Асылбек улы
Департамент кредитных рисков

Бутырина Людмила Фёдоровна
Департамент учета и поддержки операционной деятельности

Вон Галина Доннеровна
Департамент человеческих ресурсов

Даутбаев Асет Радылканович
Департамент корпоративных финансов

Давыдов Денис Владимрович
Департамент розничного бизнеса

Ермаханов Ерлан Амирбекович
Департамент по работе с проблемными кредитами

Ермакова Диляра Фаридовна
Департамент международных отношений

Ишмуратов Тимур Жаксылыкович
Департамент казначейства

Кайнарбекова Галия Канатовна
Департамент бухгалтерского учета и отчетности

Кенжеханов Марат Тулеуғазыевич
Департамент информационных технологий


Савченко Владимир Александрович
Юридический департамент

Тастанбеков Бахытжан Бахадирович
Департамент безопасности

Николаева Светлана Николаевна
Департамент бизнес-процессов

Harm Yeong Tak
Департамент банковских карточек

Шаяхметова Куляш Измагзамовна
Административный департамент



Аманжол Айтуаров

режиссер, сценарист

Өмірбаяны

1957 жылы 13 маусымда Алма-Ата қаласында дүниеге келген. 1979 жылы Қазақ мемлекеттік политехникалық университетін, 1986 жылы Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтының режиссура факультетін (С.Соловьев шеберханасы) тәмамдаған. Өзі түсірген кинолардың сценарийлерінің авторы.

Режиссер

1989 ж. «Қауышу» (Қазақстан);
1992 ж. «Белгісіздікке саяхат» (Қазақстан);
2005 ж. «Дала экспресі» (Қазақстан, Сатыбалды Нарымбетовпен бірге).

Сценарист

1989 ж. «Қауышу», Б.Сарығұловпен бірге сценарий авторы;
1992 ж. «Белгісіздікке саяхат», Н. Сегізбаевпен бірге сценарий авторы.

Сыйлықтар

1990 ж. Нант қаласындағы Үш құрлық ХКФ, Көрермендер көзайымы сыйлығы («Қауышу»);
1993 ж. Сан-Ремо қаласындағы ХКФ.

Биография

Родился 13 июня 1957 года в г. Алма-Ате. В 1979 году окончил металлургический факультет Казахского государственного политехнического института. В 1986 г. — режиссерский факультет ВГИКа (мастерская С. Соловьева). Автор сценариев к своим фильмам.

Режиссер

1989 г. «Прикосновение» (Казахстан);
1992 г. «Путешествие в никуда» (Казахстан);
2005 г. «Степной экспресс» (Казахстан, совместно с Сатыбалды Нарымбетовым).

Сценарист

1989 г. «Прикосновение», автор сценария совместно с Б.Сарыгуловым;
1992 г. «Путешествие в никуда», автор сценария совместно с Н. Сегізбаевым.

Награды

1990 г. МКФ Трех континентов в г. Нанте, Приз зрительских симпатий («Прикосновение»);
1993 г. МКФ в г. Сан-Ремо.





1989 ж.
Режиссері мен картинасы:
Аманжол Айтуаров,
«Қауышу»

Сыйлықтар:
1990 ж. Нант қаласындағы Үш құрлық ХКФ,
Көрермендер көзайымы сыйлығы;
1993 ж. Сан-Ремо қаласындағы ХКФ

Сипаты:
Тағдырдың жазуымен кездескен екеу – соқыр қыз бен жиһанкездің жолы туралы, махаббатпен емделу және қаңғыбас жетімнің жаңа үйді иелену үшін жасаған сатқындығы туралы аңыз-фильм. Режиссер азын-аулақ декорацияның және костюмдердің көмегімен Азия жерінде мыңдаған кезбе тайпалар көшіп-қонған ортағасырлық кезенді дәл көрсетуге тырысқан. Емдік қасиетке ие және бейіттер арасында кезіп жүрген ата-баба аруағына сиынған қыздан бастап мұнда барлығы шынайы және сықырлы, ал табиғат көріністері көрсетілген шынайы перденің арғы жағынан сиқырлы сезімдегі осы әлемнің бейнесі, қазіргі кездегі қаладағы жаңа кездесулер көрінеді. Жалпы жоспардың көлемі, ұзақ ырғақты өлшем мен ноталар және кейіпкерлердің ішкі қорқынышы мен әрекетсіздігі сыртқы әлеуметтік уақыт пен ішкі жарысты тоғыстырады.

1989 г.
Режиссер и картина:
Аманжол Айтуаров
«Прикосновение»

Награды:
1990 г. МКФ Трех континентов в г. Нант, приз зрительских симпатий;
1993 г. МКФ в г. Сан-Ремо

Описание:
Фильм-притча о дороге, на которой волею судьбы встретились двое – слепая девушка и странник, об исцелении любовью и предательстве, совершенном во имя обретения нового дома бродягой-сиротой. Режиссер с помощью минимума декораций и костюмов добивается ощущения подлинности времени средневековья, когда по азиатским просторам бродили десятки кочевых племен. Здесь все реально и все волшебно, начиная с девушки, наделенной даром целителя и духов предков, бродящих по кладбищу, а за реальным пластом с путевыми пейзажами просматривается отражение этого зримого мира в волшебном зеркале предчувствий, новых встреч в современном городе. Пространство общих планов, долгих ритмических длин и нот, и внутренние страхи, и бездействие героев сталкивают внешнее жестокое социальное время и внутреннее состояние.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Банк ЦентрКредит» Акционерлік қоғамы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Банк Басқармасының 2009 жылғы қызметі туралы есеп, жылдық қаржылық есептілік бекітілді, таза табысты бөлу, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың акцияларын банк сатып алатын кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне» өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылданды.

2010 жылғы желтоқсанда акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысы шығарылды. Банктің акционерлері «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің мүшесіне Kookmin банкінің өкілі Suh, Ki Youl мырзаны сайлау туралы шешім қабылдады.

2010 жыл ішінде Банктің Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің құзырына ғана жататын мәселелер бойынша 22 хаттамалық шешім, 298 қаулы қабылдады. 2010 жылғы 13 қазанда Директорлар кеңесі «Банк ЦентрКредит» АҚ-та

операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережені бекітті.

Директорлар кеңесінің мүшелері Банк Комитеттерінің жұмысына белсенді араласады, Басқарма мәжілістеріне және Банктің басқа да жұмыс органдарының мәжілістеріне қатысады.

Директорлар кеңесі жанында 4 комитет: Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті (АЛКО), Несие комитеті, Аудит комитеті, Тағайындау және марапаттау комитеті жұмыс атқарады.

АЛКО комитеті 2010 жыл ішінде 12 жоспарлы және 4 кезектен тыс мәжіліс өткізіп, баланстық көрсеткіштер бойынша болжам жасау, ресурстарды тарту және бөлу (мөлшерлеме, көлемі, валютасы, мерзімдері), провизия құру жөнінде ұсыныстар, әр түрлі сценарийлер бойынша стресс-тестер мәселелері бойынша 116 мәселені талқылады.

Несие комитеті 2010 жыл ішінде 90 мәжіліс өткізіп, заңды тұлғаларға, сондай-ақ жеке

тұлғаларға несие беру және қаржыландыру талаптарын өзгерту, несие беру лимитін белгілеу және т.б. сияқты 828 мәселені талқылады.

Қаржы есептілігін беру процесіне және оның шынайылығына тиімді бақылау жасау, ішкі бақылау жүйесінің қызметін қадағалау, аудиторлық тексеру (ішкі және сыртқы) жүргізуді бақылау және оған мониторинг жүргізу, Банктің және оның еншілес компанияларының комплаенс-тәуекелдіктерін тиісті дәрежеде басқаруды қамтамасыз ету мақсатында есепті кезең ішінде Аудит комитетінің 4 мәжілісі өткізілді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі жанындағы Тағайындау және марапаттау комитеті есепті жылы кадрлар мәселесі бойынша 7 мәжіліс өткізді.

2010 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың атқарушы органы – Басқарманың 48 мәжілісі, оның ішінде басқару есептілігі бойынша 20 мәжіліс өткізілді. Есепті кезең ішінде Банктің Басқармасы 781 шешім қабылдады.

«Банк ЦентрКредит» Акционерлік қоғамын басқаруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдар мен стандарттар, оның ішінде Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы, акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ Банк органдарының қызмет ету және шешім қабылдау тәртібі «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған.

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

Қол жеткізілген келісімдерге сәйкес 2010 жылғы 25 ақпанда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың стратегиялық серіктестері Kookmin Bank Co Ltd мен Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ЦентрКредит Банкінің капиталына қатысу жөніндегі мәмілені аяқтады. Аталмыш мәміле аясында Kookmin банкі мен IFC ЦентрКредит Банкінің қолданыстағы, сондай-ақ жаңа акцияларын сатып алды. Соның нәтижесінде ЦентрКредит Банкі KZT17.2 миллиард (US\$116 миллион) теңгені құрайтын жаңа акционерлік капитал түрінде күшті қолдау тапты.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дана жай акцияны, жай акцияға айырбастауға болатын 39 249 255 дана басымдықты акцияны құрады, жарғылық капитал 69 751 млн. теңге сомасында төленді.

Орналастырылған акциялардың 5% және одан көп пайызын иеленетін акционерлер:

Kookmin Bank Co Ltd.	41,9%
Байсейітов Б.Р.	25,1%
IFC	10%


Акционерлердің жарғылық капиталдағы үлесі,%
2011 жылғы 1 қаңтар



Банктің меншікті капиталы 2011 жылғы 1 қаңтарда 134 409 млн. теңгені құрады.


Меншікті капиталдың құрылымы, млн. теңге

жарғылық капитал	69 751
реттелген борыш	43 910
мерзімсіз еурооблигациялар	13 173
резервтер және өткен жылдардағы кіріс	7 575



- Жарғылық капитал
- Реттелген борыш
- Мерзімсіз еурооблигациялар
- Резервтер және өткен жылдардағы кіріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ДАМУЫНА ШОЛУ



Макроэкономикалық шолу

2010 жылдың басынан бастап Қазақстанның экономикасы салыстырмалы түрде жоғары өсу қарқынын көрсетті. Жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің нақты өсімі бағалау бойынша 7% құрап, 21 513 млрд теңгеге жетті. Бұл бағалау көрсеткішінен 2,2 трлн теңгеге жоғары. Экономиканың дамуына әлемдік энергоресурстар мен металл нарықтарындағы жағымды сыртқы конъюнктура; мемлекетіміздің дағдарысқа қарсы бағдарламасы, сондай-ақ дағдарыстан кейінгі индустриялық-инновациялық дамудың негізін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар ықпал етті. Қазақстанның ЖІӨ құрылымында тауар өндіру 44,1%, қызмет көрсету 52,9% құрайды. Қазақстанның ЖІӨ-ндегі қызмет көрсетудің басым болуы алғаш рет 2002 жылы байқалған. Мұндай ағым әлемдік ЖІӨ-ді өндіру және тұтыну құрылымына тән.

Аталмыш кезең ішіндегі инфляция 7,8%, өткен жылы 6,2% құрады. Инфляцияның


деңгейіне негізінен азық-түлік тауарларының бағасының өсуі әсер етті.

Жылдың алдын ала қорытындысы бойынша өнеркәсіптік өндірістің көлемі 10%-ға артып, 11 756,8 млрд теңгені құрады. Өнеркәсіптік өндірістің құрылымында алғаш рет өңдеу секторындағы өндіріс 18,4%-ға артты, бұл тау-кен өнеркәсібіндегі өсу қарқынынан шамамен 3 есе артық (5,3 %).

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіру көлемі 11,7% қысқарды. Табиғат пен климат жағдайларына байланысты өсімдік саласындағы өндірістің көлемі 22,7%-ға қысқарса, мал шаруашылығындағы өндіріс көлемі 2,9%-ға артқан.

Өткен жылы құрылыс секторында да аздаған өсу қарқыны байқалды, жыл қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 1%-ға артып, 1,9 трлн теңгені құрады.

ҚР заңды тұлғалары (мың)



2011 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша қызмет ететін заңды тұлғалардың саны 187 161 (2010 жылғы 1 қаңтарда – 188 800), өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,9%-ға кеміген. 2010 жылы «Doing Business» Дүниежүзілік банктің рейтингі бойынша Қазақстан 15 орынға жоғары көтерілген (59-орын). Сонымен қатар 2010 жылы бизнес-климатты жақсартқан 10 елдің ішінде Қазақстан алғаш рет бірінші болды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 2011 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтері бойынша мемлекеттік бюджеттің кірісі 4 299,1 млрд теңгені құрап, 22,6%-ға артты. Шығын бойынша бюджетті орындау 4 457,2 млрд теңгені құрады. Бюджеттің дефициті 527,3 млрд. теңге деңгейінде немесе ЖІӨ-нің 2,5% көлемінде белгіленді (2009 жылы – 3,1%).


2010 жылғы 23 желтоқсанда Standard&Poor’s халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан Республикасының шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді несиелік рейтингін сәйкесінше «BBB» және «BBB+» дәрежесіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты». Рейтингтерді көтерудің негізгі факторы – ҚР Үкіметінің бірнеше банктердің дефолтынан

кейін несиелік қабілетті сақтауға ықпал еткен ұстамды саясаты. Сондай-ақ Standard&Poor’s Қазақстанның даму банкінің шетелдік және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді несиелік рейтингін сәйкесінше «BBB» және «BBB+» дәрежесіне дейін көтерді. «Тұрақты» болжам Қазақстанның қазыналық және сыртқы ұстанымдарына нұқсан келтірмей, экономикалық және қаржылық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне деген сенімді білдіреді.

Қазақстанның қаржы нарығының қарқынына және конъюнктурасына едәуір ықпал еткен негізгі факторлар: ■ экономиканың әр түрлі секторларына, әсіресе екінші дәрежелі банктерге қолдау көрсету бойынша дағдарысқа қарсы мемлекеттік іс-шаралар; ■ банк секторындағы (БТА Банк, Альянс Банк және Темір Банк) қайта құрылымдау процесінің сәтті аяқталуы; ■ дүниежүзілік шикізат нарықтарындағы қазақстандық экспортерлер өнімдерінің жоғары бағаларына қатысты жағымды ықпал; ■ Қазақстан, Ресей және Беларусь арасында жасалған Кеден одағының өз қызметін бастауы.



Қор капиталына жасалған инвестициялар



Инвестициялық жобаларды іске асыру экономикадағы инвестициялық белсенділікті қолдауды қамтамасыз етті. 2010 жылы негізгі капиталға инвестиция жасаудың қарқыны бәсеңдеді. Жалпы алғанда, 2010 жыл ішінде экономикаға 4,8 трлн теңге инвестиция жасалды. Жасалған инвестициялардың жалпы көлемінің 45,9% кәсіпорындардың меншікті қаражатының есебінен жасалған.

2010 жылы халықтың төлем жасау қабілеті жақсара түскені байқалды. 2010 жыл ішіндегі бөлшекті тауар айналымының (қоғамдық тамақтандыруды есептемегенде) көлемі 19,4% -ға ұлғайып, 3 014 млрд теңгені құрады.

Экономиканың нақты секторындағы өсімнің жоғары қарқындары қолайлы сыртқы жағдаятпен бірге сыртқы сауда айналымының 24,3% -ға ұлғаюына себеп болып, ол 89 млрд АҚШ долларын құрады. Өткен жыл ішінде тауар экспорты 2009 жылға қарағанда 37,1% -ға ұлғайып, 59,2 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт құрылымында ең үлкен үлесті энергоресурстар (71,7%), сонымен қатар металдар мен олардан жасалған бұйымдар (12,6%) алды. Есепті жылы 67,5 млн тонна

мұнай және газ конденсаты экспортталып, бұл ел экспортының 64% -дан артық түсімін қамтамасыз етті. Импорт 29,7 млрд АҚШ долларын құрады және 4,8% ұлғайды. Азық-түлік тауарлары импортының 9% -ға, нақты мәнінде 81 млн АҚШ долларына өсуі байқалды. Сонымен қатар жалпы көлемнің 43,2% үлесін алатын машиналар мен жабдықтардың импорты 14% -ға кеміді, минералды тыңайтқыштардың импорты 15,7% -ға, қара металдан жасалған құбырлардың импорты 69,9% -ға қысқартылды. Сыртқы сауда айналымының оң сальдосы 2009 жылы 14,8 млрд АҚШ долларын құраса, есепті жылы шамамен 29,5 млрд АҚШ долларын құрады. Кеден одағы жұмысының алғашқы қорытындысы 2010 жыл ішінде қазақстандық өнімнің Ресейге экспорты 35,9% -ға, Беларуське экспорты 1,6 есе өскенін көрсетеді. Осы кезде Ресейден және Беларусьтен әкелінген импорт сәйкесінше 23,7% -ды және 24,5% -ды құрады.

Кеден одағы елдерімен жасалған сыртқы сауда көлемі 28,1% -ға, 16,5 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайып, Қазақстанның жалпы тауар айналымының 18,5% -ын құрады.

Банк секторы

Республикамыздың банк секторының жиынтық активтері 2010 жылы 4,1%-ға өсімді көрсетті және 12 031,5 млрд теңгені құрады (2009 жылы 11 557,3 млрд теңге).

Соңғы 4 жылда жиынтық активтердің ЖІӨ-ге қатынасы төмендей түскені байқалып отыр. Өткен жылы осы көрсеткіш 55,9%-ды құрады. Экономиканы несиелеу 2010 жылы ЖІӨ-нің 35,3% -нан болар-болмас асты. ЕДБ-нің экономиканы жалпы несиелеуі ЖІӨ-нің 42,1% құрады.

Көрсеткіштер	2001 ж.	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.
ЖІӨ, млрд тг.	3 251	3 776	4 612	5 870	7 519	10 214	12 850	16 053	17 008	21 513
ЖІӨ-активтер, тг.	25,0	30,6	36,3	45,8	60,0	86,9	90,1	74,1	68,0	55,9
ЖІӨ-несиелер, тг.	15,9	19,1	23,6	30,9	40,7	58,7	69,0	57,6	56,7	42,1
ЖІӨ-капитал, тг.	3,8	4,3	5,1	4,6	5,9	8,6	11,1	9,0	-5,8	6,1
ЖІӨ-депозиттер, тг.	15,0	18,6	21,1	27,4	33,9	46,2	50,0	28,6	35,3	31,7

Екінші деңгейлі банктердің несие портфелі жылдың басынан бастап 572,9 млрд теңгеге немесе 5,9% -ға кеміді. Стандарт қарыздар 59,9 млрд теңгеге (-2,4%) кеміді, күмәнді қарыздар 616,4 млрд теңгеге (14,5%) ұлғайды, үмітсіз қарыздар 1 129,4 млрд теңгеге (-38,3%) кеміді. ЕДБ берген қарыздар бойынша провизия 825,7 млрд теңгеге (-22,7%) кеміді.

Сала-салаға бөлгенде, банктердің экономиканы несиелеуінде едәуір сома сауда-саттық (жалпы көлемдегі үлесі – 26,2%), құрылыс (25,4%), өнеркәсіп (14,5%) және өндірістік емес салаларға (23,3%) келеді.

Екінші деңгейлі банктердің жиынтық міндеттемелері 2010 жылдың басынан бастап 1 821,7 млрд теңгеге немесе 14,5% -ға кеміді. Міндеттемелер құрылымында заңды тұлғалардың салымдары 507,9 млрд теңгеге немесе 12,5% -ға, жеке тұлғалардың салымдары 313,6 млрд теңгеге немесе 16,2% -ға ұлғайды. Еншілес ұйымдардың арнайы мақсаттағы салымдары 1 770,2 млрд теңгеге немесе 98,6% -ға кеміді, банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар 699,0 млрд теңгеге немесе 56% -ға кеміді.



Коммерциялық банктердің 2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша жиынтық міндеттемелері 10 715,2 млрд теңгені (2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 12 536,8 млрд теңгені) құрады, оның ішінде бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер 2 562,5 млрд теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 23,9% -ын (2010 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 4 210,8 млрд теңгені немесе 33,6% -ды) құрады, 2010 жылдың басынан бастап 1 647,0 млрд теңгеге немесе 39,1% -ға кеміді.




ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ 2010 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ШОЛУ

Банктің 2010 жылғы қаржылық есептілігіне сәйкес ЦКБ жиынтық активтердің мөлшері бойынша және меншікті капитал бойынша 4 орынды иеленді.

Есепті кезең ішінде ЦентрКредит Банкі активтерінің көлемін 5,5%-ға өсірді, жиынтық мәні 1 224,6 млрд теңгені құрады. 2010 жылы Банк 30,7 млрд

теңге мөлшерінде теріс қаржылық нәтиже көрсетті.

Жеке тұлғалардың ЦентрКредит Банкіндегі депозиттік салымдары 2010 жылы 17,2%-ға өсті. Тұрғын халықтың ЕДБ-ге салымдары осы кезең ішінде 16,2%-ға ұлғайды. Банктің жеке тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 14,9%-ды құрады.



Несие портфелінің құрылымы

Банк Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыруда жетекші орындарға ие. Несие саясатындағы басымдықтарды өзгерту көзделмеген және 2011 жылы ШОБ-тың несие портфелін ұлғайту жоспарланып отыр.


Ірі корпоративтік клиенттер несие портфеліндегі қомақты үлесті – шамамен 25%-ды иеленеді, осы кезде экономиканың құрылыс секторын қаржыландырудың табиғи төмендеуі байқалатын болса,

экономиканың сауда және қызмет сияқты салаларында банк белсенділігін сақтады.

2010 жылы ЦентрКредит Банкінің айналымындағы карталардың өсімі 25,7%-ды құрады. Банк өнім желісін және олар бойынша ұсынылатын қызметтің жиынтығын кеңейтті. Өнім желісін Maestro, MasterCard Standard, MasterCard Gold, MasterCard Platinum сияқты төлем карточкалары толықтырды. Жаңа карточкалық өнім – «Gift Card» сый картасы енгізілді.

АКТИВТЕР

2010 жылы Банктің активтері 5,5%-ға өсті және 1 224,6 млрд теңге деңгейіне жетті. Қазақстанның банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі «Банк ЦентрКредит» АҚ активтерінің үлесі 10,1%-ды құрады.




КАПИТАЛ

2010 жылы Банктің капиталы 13,3%-ға кеміді және 2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 84,8 млрд теңгені құрады.

2010 жылы банктердің несиелік белсенділігінің төмендеу беталысы байқалып, ЕДБ негізгі қызметі несие портфелін сауықтыру болды. Бұл несие портфелінің сапалық құрылымының өзгеруінен байқалады, ондағы күмәнді несиелердің үлесі 14,5%-ға өссе, осы уақытта үмітсіз несиелердің үлесі 38,3%-ға кеміді.

2010 жылы несие портфеліне қарсы қосымша провизия құру қажеттігі Банк пайдасының төмендеуіне әкеп соққан басты фактор болды.



Ақпарат көздері:

- 1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі.
- 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Статистикалық бюллетені.
- 3. Қазақстан Республикасы Статистикалық агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпараттық-сараптамалық журналы.
- 4. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі, «Экономикалық даму және сауда министрі Ж.С. Айтжанованың 2011 жылғы 22 ақпанда өткізілген Үкімет мәжілісіндегі баяндамасы».
- 5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.



Ардақ Әмірқұлов, режиссер, сценарист, продюсер

Өмірбаяны

1955 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР Ақ-Көл кентінде дүниеге келген. 1977 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының филология факультетін, 1988 жылы Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтының (С.Соловьев шеберханасы) режиссура факультетін тәмамдаған. 1992-1998 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының директоры болған. 1996 жылдан бастап Жүргенов атындағы Мемлекеттік театр және өнер институтында дәріс береді. 1998 жылдан бастап «Ардфильм» студиясының директоры.

Режиссер

1983 ж. «Аңшы» (КСРО);
1985 ж. «Ойлы-қырлы жердегі тактикалық әскери ойын» (КСРО);
1991 ж. «Отырардың күйреуі» (КСРО);
1995 ж. «Абай» (Қазақстан/Франция);
1998 ж. «Рүстемнің суреттері бар жазбалары» (Қазақстан);
2008 ж. «Қош бол, Гүлсары!» (Қазақстан).

Сценарист

1988 ж. «Мутанттар» (КСРО), сценарий авторы.

Продюсер

1991 ж. «Абай» (Қазақстан/Франция), Е. Шынарбаевпен бірге продюсер;
1998 ж. «Рүстемнің суреттері бар жазбалары» (Қазақстан), Е. Шынарбаевпен бірге продюсер.

Сыйлықтар мен марапаттар

1991 ж. Монреаль қаласындағы ХКФ, FIPRESCI сыйлығы («Отырардың күйреуі»);
1992 ж. ҚР Мемлекеттік сыйлығы («Отырардың күйреуі»);
1992 ж. Ашхабад қаласындағы ХКФ, «Күміс жарты ай» сыйлығы («Отырардың күйреуі»);
1992 ж. Фигейра-да-Фош қаласындағы ХКФ, Күміс сыйлық («Отырардың күйреуі»);
1993 ж. Алматы қаласындағы «Бүгінгі қазақ киносы» байқау-конкурсы, Ең үздік ойын-кино үшін Бас жүлде («Отырардың күйреуі»);
1997 ж. Ташкент қаласындағы ХКФ, «Ұлттық дәстүрді сақтағаны үшін» «Күміс самұрық» сыйлығы («Абай»).

Биография

Родился 10 декабря 1955 г. в с. Ак-Куль Казахской ССР. В 1977 г. окончил филологический факультет Алма-Атинского педагогического института им. Абая, в 1988 г. — режиссерский факультет ВГИКа (мастерская С. Соловьева). В 1992-1998 гг. — директор киностудии «Казахфильм». С 1996 г. преподает в Казахском ГИТиКе им. Жургенова. С 1998 г. — директор студии «Ардфильм».

Режиссер

1983 г. «Охотник» (СССР);
1985 г. «Тактическая военная игра на пересеченной местности» (СССР);
1991 г. «Гибель Отрара» (СССР);
1995 г. «Абай» (Казахстан/Франция);
1998 г. «Записи Рустема с рисунками» (Казахстан);
2008 г. «Прощай, Гүлсары!» (Казахстан).

Сценарист

1988 г. «Мутанты» (СССР), автор сценария.


Продюсер

1991 г. «Абай» (Казахстан/Франция), продюсер совместно с Е. Шынарбаевым;
1998 г. «Записи Рустема с рисунками» (Казахстан), продюсер совместно с Е. Шынарбаевым.

Призы и награды

1991 г. МКФ в г. Монреаль, приз FIPRESCI («Гибель Отрара»);
1992 г. Государственная премия РК («Гибель Отрара»);
1992 г. МКФ в г. Ашхабад, приз «Серебряный полумесяц» («Гибель Отрара»);
1992 г. МКФ в г. Фигейра-да-Фош, Серебряный приз («Гибель Отрара»);
1993 г. Смотр-конкурс «Казахское кино сегодня» в г. Алматы, Гран-при за лучший игровой фильм («Гибель Отрара»);
1997 г. МКФ в г. Ташкент, приз «Серебряный Семург» за сохранение национальных традиций («Абай»).





1991 г.

Режиссер и картина:
Ардак Амиркулов
«Гибель Отрара»

Награды:

Приз FIPRESCI;
1992 г. Государственная премия РК;
1992 г. МКФ в г. Ашхабад, приз
«Серебряный полумесяц»;
1992 г. МКФ в г. Фигейра-да-Фош,
Серебряный приз;
1993 г. Смотр-конкурс «Казахское кино
сегодня» в г. Алматы, Гран-при за лучший
игровой фильм.

Описание:

Масштабный яркий исторический фильм
о противостоянии кипчакского Отрара
монгольским полчищам. Унжу, монгольский
тысячник, кипчак по крови, стремится
уберечь свой дом от захватчиков. Но все
его усилия бесплодны. Гордые правители
не внимают ни идее сплочения, ни
чувству самосохранения. Кодекс степного
рыцарства, открытой схватки с врагом
оказывается сильнее военных расчетов.
Первое глубокое обращение к этнической
истории, к пониманию сути национальной
души, в котором блестяще использован опыт
японского кино. Через 11 лет после выхода
картину покажут на ретроспективе в Нью-
Йорке по рекомендации Мартина Скорсезе.

1991 ж.

Режиссері мен картинасы:
Ардақ Әмірқұлов
«Отырардың күйреуі»

Сыйлықтар:

1991 ж. Монреаль қаласындағы ХКФ,
FIPRESCI сыйлығы;
1992 ж. ҚР Мемлекеттік сыйлығы;
1992 ж. Ашхабад қаласындағы ХКФ,
«Күміс жарты ай» сыйлығы;
1992 ж. Фигейра-да-Фош қаласындағы
ХКФ, Күміс сыйлық;

Сипаты:


Қыпшақтың Отырар қаласының моңғол
басқыншыларына қарсы тұрғаны туралы
ауқымды айқын тарихи фильм. Қаны
қыпшақ, моңғол әскерінің мыңбасысы Ұнжу
өз ошағын басқыншылардан қорғап қалуға
тырысады. Бірақ оның әрекеті еш нәтиже
бермеді. Тәкаппар билеп-төстеушілер бірігу
туралы көзқарасқа да, өзін қорғап қалу
сезіміне де еш мән бермеді. Жанкешті дала
заңдылығы, жаумен ашық айқасу жаудан
кек алудан да күштірек болады екен. Бұл
этникалық тарихқа, ұлт жанын түсінуге
ең алғашқы терең үңілу болды. Мұнда
Жапон киносының тәжірибесі тамаша
пайдаланылған. Туынды экранға шыққан
уақытынан бастап 11 жыл өткеннен кейін
Мартин Скорсезенің ұсынысы бойынша Нью-
Йорктегі ретроспективада көрсетілді.

2011 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың несиелік портфелі туралы ақпарат.

2010 жыл ішінде Банктің несие портфелі 10%-ға өсіп, жыл аяғында 801,1 млрд теңгені құрады. Портфельдің құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.


Өткен жыл жалпы банк жүйесі үшін айтарлықтай күрделі болды, бұл өз алдына несие сапасының нашарлауына ықпал етті. Дегенмен, Банктің несие портфелінің сапа көрсеткіштері әлдеқайда жақсы,

бұған қалыпты консервативтік несие саясаты және несие портфелінің жақсы әртараптандырылуы септігін тигізді. «Банк ЦентрКредит» АҚ қорларының деңгейі 2010 жылы 9%-дан 13%-ға дейін ұлғайды (ҚЕХС бойынша) және оның абсолютті мәні 106 млрд теңгені құрады, ал NPL деңгейі 3.5%-дан 10%-ға дейін ұлғайды (ҚЕХС бойынша). Осылайша Банк туындауы мүмкін тәуекелдіктерді өтеу үшін жеткілікті деңгейде қор жинады. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер Банктің несие бойынша шығындарды абсорбциялауының жоғарғы мүмкіндіктерін көрсетеді.



Экономиканың әр түрлі секторларын несиелеу кезінде Банк әртараптандыру саясатын қолданады, оның негізгі мақсаты – салалық тәуекелдіктің банк қызметіне теріс әсер етуін шектеу.

Экономика салаларын несиелеуде несие портфеліндегі ең қомақты меншікті салмақ саудаға, құрылысқа, тамақ өнеркәсібіне, өндіріске және ауыл шаруашылығына тиесілі болып келеді: олардың үлесі несиелік портфель жиынтығының 50%-ын құрайды. Несиелік портфельдің салалық құрылымындағы жеке тұлғалар 34% құрайды.



Банк «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры және жергілікті атқарушы органдар арқылы іске асырылатын шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін несиелер бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесін субсидиялау» бюджеттік бағдарламасына белсенді түрде қатысады. 2010 жылы Банк «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша бизнес клиенттерге несие беруді бастады.

Неміс Даму банкі (DEG), Азия Даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы


(IFC), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) және Германия Үкіметі бағдарламасының (GTZ) желісі бойынша шағын және орта бизнесті қаржыландыру бойынша халықаралық бағдарламаларды іске асыру жөніндегі ынтымақтастық жалғастырылуда.

Банк Мемлекеттік азық-түлік корпорациясымен бірге отандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді қаржыландыруға байланысты жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып отыр.

Банк өз бағдарламасының аясында және Қазақстандық ипотекалық компанияның бағдарламасы бойынша халыққа ипотекалық несие беру жұмыстарын жүргізуде.

01.01.2011 жылы бөлшекті несие беру бойынша несие портфеліне 70 942 несие кірді.

Бөлшекті несиелеудің барлық бағдарламалары бойынша 01.01.2011 жылы жеке тұлғалардың несиелік портфелі өткен 2010 жылмен салыстырғанда 4,92%-ға өсті және 199 514 млн теңгені құрады.




Бөлшекті несие беру бойынша несие портфелінің қарқыны (млн теңге)

2010 жылдың ішінде жалпы сомасы 51 476 млн теңгені құрайтын 18 160 бөлшекті несие, оның ішінде ипотекалық несие бойынша 29 366 млн теңге сомасындағы 5 525 несие, тұтыну қарыздары бойынша 22 110 млн теңге сомасындағы 12 635 несие берілген.

Жаңа технологиялар.

2010 жылы Банк Experian компаниясымен (Ұлыбритания) бірге стратегиялық әріптесі Kookmin банкінің қолдауымен бөлшекті несие беру өнімдеріне арналған скоринг жүйесін енгізу бойынша қанатқақты жобаны жүзеге асырды. NBSM жүйесі енгізілді, соның нәтижесінде клиенттердің барлық несиелік өтінімдері автоматты түрде өңделеді. Жеке тұлғалардың несиелік өтінімдері үшін құжатайналым жүйесі енгізілді, бұл барлық несиелік өтінімдердің орындалу барысын бақылауға мүмкіндік береді. Банктің деректеріне негізделген

несиелік скорингтің статистикалық моделі жасалды. Жақын болашақта Банк скоринг жүйесін жеке кәсіпкерлердің несиелеріне қатысты да қолдануды, сондай-ақ Банктің қолданыстағы несиелерін бағалауға арналған скоринг жүйесін жасауды көздеп отыр. Аталмыш жүйе несие портфеліне қызмет көрсетуге, несие стратегиясын анықтауға, сондай-ақ банк өнімдерінің кросс-селлингіне негіз болады. Іске асырылған инновацияларды интернет арқылы Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету барысында пайдалану да Банк алдына қойған мақсаттардың бірі болып табылады.




Заңды тұлғалардың салымдарының өсу қарқыны (млн теңге)

2010 жылы заңды тұлғалардың Банктегі салымдары 2009 жылмен салыстырғанда 61 594 млн теңгеге немесе 16,73%-ға өсіп, 2011 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 429 788 млн теңгені құрады. Ағымдағы жыл ішінде нарық жағдайларына байланысты клиенттерге салымдарды тиімді шарттармен, бәсекеге қабілетті мөлшерлемелермен ұсыну мақсатында бизнес-клиенттерге арналған салымдардың талаптары қайта қарастырылды.

Жеке тұлғалардың салымдары (ЖТС)

Депозиттік портфелінің көлемі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ еліміздің екінші деңгейлі банктерінің ішінде үшінші орынды иеленеді. 2009 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда жеке тұлғалардың банктік есепшоттарындағы қалдықтар 2010 жылы 335 963 млн теңгені құрап, 49 219 млн теңгеге немесе 17,16%-ға артты. Мерзімді есепшоттардың саны өткен жылдың осындай көрсеткіштерімен салыстырғанда 37 516 немесе 30,77%-ға артып, 159 421 құрады. Банктің депозиттік ақша қаражаты нарығындағы үлесі 2010 жылдың соңында 14,92%-ға жетті.



ЖТ банктік есепшоттарындағы қалдықтар



Халықаралық қатынастарды дамыту стратегиясы шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға, сонымен қатар сауданы қаржыландыру, халықаралық қарыз алу және т.б. аясында көрсететін қызметтері мен ұсынатын өнімдерінің ауқымын кеңейтуге бағытталған.

Есепті жылы Банк Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), FMO, DEG, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), ADB, CITI OPIC және ЕАДБ сияқты Халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді түрде бірлесіп іс-әрекет етуді жалғастырды. Аталмыш институттардың Банкке ұсынған ресурстарының жалпы көлемі шамамен 500 миллион АҚШ долларын құрады.

Осылайша Еуропалық қайта құру және даму банкінен («ЕҚДБ») алынған қарыз көлемі есепті жылдың аяғында әр түрлі бағдарламалар бойынша 126 млн АҚШ долларын құрады. «Банк ЦентрКредит» АҚ ЕҚДБ-ның келесі бағдарламаларына қатысады: Микро, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру бағдарламасы; Сауданы қаржыландыру бағдарламасы; Ауыл шаруашылық жабдықтарын сатып алу және лизингке алу бағдарламасы; Ипотекалық несие беру бағдарламасы және Энергия тиімділігін арттыру және энергияның қайта жаңғыртылатын көздерін игеру саласындағы жобаларды қаржыландыру бағдарламасы. Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) Банкке ұсынған ресурстарының жалпы көлемі шамамен 180 млн АҚШ долларын құрады.

2005 жылдан бастап Банк шамамен US\$1.3 млрд сомасында еурооблигациялардың бес шығарылымын шығарып, орналастырды, оның ішінде US\$200

млн 2008 жылы өтелген болатын. 2006 жылдан бастап Банктің кепілдігімен Банктің еншілес компаниясы CenterCredit International B.V. арқылы бондтар шығарылды. 2010 жылғы сәуірде Банк Банктің келесі еурооблигациялар шығарылымдарының эмитентін (CeneterCredit International B.V.) кепілгермен (ЦентрКредит Банкі) ауыстыруы туралы хабарлады: 2014 жылы өтелетін және купоны 8.625% құрайтын US\$500,000,000.00 сомасындағы еурооблигациялар, 2011 жылы өтелетін және купоны 8.00% құрайтын US\$300,000,000.00 сомасындағы еурооблигациялар және 2011 жылы өтелетін және купоны 8.25% құрайтын KZT25,000,000,000.00 сомасындағы еурооблигациялар.

ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және қиыр шет елдердегі қаржы институттарымен корреспонденттік қатынастары беки түсті. Есепті жылы Банк өзінің лоро-респонденттерінің желісін кеңейтті: 2010 жылы олардың қатарына тағы 7 банк қосылды.

2010 жылғы желтоқсанда халықаралық қаржы мәселесіне арнайы маманданып, ай сайын шығатын мерзімді басылым – «The Banker» ағылшын журналының бағалауы бойынша Банк «Жыл Банкі» номинациясының жүлдегері болып танылғандығын айта кету қажет. Баспаның иесі – The Financial Times Ltd компаниясы. «Жыл Банкі» атағын алу үшін сайысқа 140-тан астам елдің және 6 өңірдің өкілдері қатысты. Осы санатта жеңіске жету үшін қатысушылар жоғары кірістілікті, сонымен қатар бірегей стратегиялық артықшылығын көрсетуі қажет болды.

Банктің тұрақты дамуын және несиелік қабілеттігін Халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті.

Moody’s Investor Service	Fitch Ratings
Болжам: жағымсыз	Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі: B
Банк депозиттерінің рейтингі: Ba3/NP	Эмитент дефолтының қысқа мерзімді рейтингі: B
Қаржылық тұрақтылық рейтингі: E +	Болжам: тұрақты
	Жеке рейтингі: D/E
	Қолдау рейтингі: 5

Құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру

Құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. 2010 жылы құжаттамалық бизнес және сауданы қаржыландыру бойынша шығарылған мәмілелердің жалпы сомасы 245 млн АҚШ долларынан асты, оның ішінде:

- 148 млн АҚШ долларынан астам сомада импорттық аккредитивтер;
- 25 млн АҚШ долларынан астам сомада импорттық кепілдіктер;
- 72 млн АҚШ доллары сомасындағы импорт алды және экспорт алды қаржыландыруға арналған құралдар.

Банк ЕҚДБ және ХҚК сауданы қаржыландыруға жәрдем беру бағдарламасының белсенді қатысушысы болып табылады. Сауданы қаржыландыру бойынша шығарылған құралдардың басым бөлігіне, яғни 158 млн АҚШ долларына жоғарыда көрсетілген даму институттары кепілдік берді.

Сондай-ақ 2010 жылы Банк жалпы сомасы 172 млн АҚШ долларынан астам сомаға экспорттық құжаттамалық операцияларды (аккредитивтер, кепілдіктер, инкассо) өңдеді.



Қор нарығындағы және
банкаралық нарықтардағы
операциялар

«Банк ЦентрКредит» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, Қазақстан қор биржасындағы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметін ұсынады.

2010 жылдың қорытындысымен Банк Қазақстан қор биржасының мүшелері арасында «Репо» нарық секторындағы операциялардың белсенділігі бойынша 1-орынға ие болды.

Атауы	2009 жылдың аяғындағы көлем	2010 жылдың аяғындағы көлем
Бағалы қағаздар портфелі, барлығы	214 949	271 850
Соның ішінде:		
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	195 648	250 375
Мемлекеттік емес бағалы қағаздар	19 301	21 475

млн теңге

Банк банкаралық сауда-саттықта ең белсенді маркет-мэйкердің бірі болып, валюталық ішкі нарықта жетекші орындарды иеленеді. 2010 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасының мүшелері арасында «Шетел валюталары» нарық секторындағы операциялардың белсенділігі бойынша 3-орынға ие болды.

Банктің валюталық операциялар бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштерінің қарқыны

Көрсеткіш	2009 жыл	2010 жыл
USD/KZT бойынша мәмілелер көлемі	18,6 млрд АҚШ доллары	22,5 млрд АҚШ доллары
RUB/KZT бойынша мәмілелер көлемі	18,1 млрд рубль	24,9 млрд рубль
EUR/USD бойынша мәмілелер көлемі	2,2 млрд еуро	2,6 млрд еуро
EUR/KZT бойынша мәмілелер көлемі	716,6 млн еуро	844,8 млн еуро
USD/RUB бойынша мәмілелер көлемі	647,9 млн АҚШ доллары	709 млн АҚШ доллары

млн теңге

Кастодиандық қызмет

Кастодиандық қызмет аясында Банк клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.

Кастодиан – «Банк ЦентрКредит» АҚ клиенттерінің активтері:

Клиенттер	2009 жыл, млн теңге	2010 жыл, млн теңге
Жинақтаушы зейнетақы қорлары	54 060	61 387
Инвестициялық қорлар	7 032	5 236
Заңды тұлғалар	60 310	79 611
Құжаттамалық сақтау қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	28 180	26 798
Облигацияларды ұстаушының өкілі болу қызметін тұтынатын заңды тұлғалар	115 000	88 500
БАРЛЫҒЫ:	264 582	261 532



Серік Апрымов,
режиссер, сценарист, продюсер

Өмірбаяны
1960 жылы 28 қазанда Қазақ КСР Семей облысы Ақсуат кентінде дүниеге келген. 1979 жылы Алматы индустриялық техникумын, 1989 жылы Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтының режиссура факультетін (С.Соловьев шеберханасы) тәмамдаған.

Режиссер
1986 ж. «Мотоциклдағы екеу» (КСРО);
1987 ж. «Гипнотизер» (КСРО);
1989 ж. «Соңғы аялдама» (КСРО);
1992 ж. «Түсінде түс көру» (Қазақстан);
1998 ж. «Ақсуат» (Ресей/Қазақстан);
2000 ж. «Үш ағайынды» (Қазақстан/Жапония);
2004 ж. «Аңшы» (Қазақстан).

Сценарист
1989 ж. «Соңғы аялдама» (КСРО), сценарий авторы;
1992 ж. «Түсінде түс көру» (Қазақстан), сценарий авторы;
1995 ж. «Абай» (Қазақстан/Франция), Л. Ахинжановамен, А. Барановпен бірге сценарий авторы;

Биография
Родился 28 октября 1960 г. в с. Ақсуат Семипалатинской обл. Казахской ССР. В 1979 г. окончил Алма-Атинский индустриальный техникум, в 1989 г. — режиссерский факультет ВГИКа (мастерская С. Соловьева).

Режиссер
1986 г. «Двое ехали на мотоцикле» (СССР);
1987 г. «Гипнотизер» (СССР);
1989 г. «Конечная остановка» (СССР);
1992 г. «Сон во сне» (Казахстан);
1998 г. «Ақсуат» (Россия/Казахстан);
2000 г. «Три брата» (Казахстан/Япония);
2004 г. «Охотник» (Казахстан).

Сценарист
1989 г. «Конечная остановка» (СССР), автор сценария;
1992 г. «Сон во сне» (Казахстан), автор сценария;
1995 г. «Абай» (Казахстан/Франция), автор сценария совместно с Л. Ахинжановой, А. Барановым;
1998 г. «Ақсуат» (Россия/Казахстан), автор сценария;

1998 ж. «Ақсуат» (Ресей/Қазақстан), сценарий авторы;
2000 ж. «Үш ағайынды» (Қазақстан/Жапония), М. Карбозовпен бірге сценарий авторы;
2004 ж. «Аңшы» (Қазақстан), сценарий авторы.

Продюсер
2000 ж. «Үш ағайынды» (Қазақстан/Жапония), С. Синьюмен бірге продюсер;
2004 ж. «Аңшы».

Сыйлықтар мен марапаттар
1987 ж. БКФ (Бүкілодақтық кинофестиваль), Ең үздік қысқаметражды фильм үшін сыйлық («Мотоциклдағы екеу»);
1987 ж. Киев қаласындағы «Жастық шақ» БКФ, Бас жүлде («Мотоциклдағы екеу»);
1989 ж. Киев қаласындағы «Жастық шақ» БКФ, Бас жүлде («Соңғы аялдама»);
1990 ж. Мәскеу қаласындағы «Дебют» КФ, Ең үздік толықметражды дебют үшін сыйлық («Соңғы аялдама»);
1990 ж. Алматы қаласында өткен Қазақстан БК байқау конкурсы, Бас жүлде («Соңғы аялдама»);
1993 ж. Алматы қаласындағы «Бүгінгі қазақ киносы» байқау конкурсы, Байқаудың ең үздік киносы үшін сыйлық («Түсінде түс көру»);
1998 ж. Алматы қаласындағы «Еуразия» ХКФ, Қазылар алқасының арнайы сыйлығы («Ақсуат»);
2000 ж. Анапа қаласындағы «Киношок» АКФ, қазылар алқасының «Кино арқылы жаңадан сомдалған ностальгиялық жан құбылысының өткірлігі үшін» арнайы сыйлығы («Үш ағайынды»);
2004 ж. Анапа қаласындағы «Киношок» АКФ, Ең үздік режиссура үшін сыйлық («Аңшы»);
2004 ж. ТМД және Балтық елдерінің ең үздік фильмі үшін «Ника» сыйлығы («Аңшы»);
2004 ж. Миланда өткен Африка, Азия және Латын Америкасы елдерінің ХКФ, Бірінші сыйлық («Аңшы»).

2000 г. «Три брата» (Казахстан/Япония), автор сценария совместно с М. Карбозовым;
2004 г. «Охотник» (Казахстан), автор сценария.

Продюсер
2000 г. «Три брата» (Казахстан/Япония), продюсер совместно с С. Синью;
2004 г. «Охотник».

Призы и награды
1987 г. ВКФ (Всесоюзный кинофестиваль), Приз за лучший короткометражный фильм («Двое ехали на мотоцикле»);
1987 г. ВКФ «Молодость» в г. Киев, Гран-при («Двое ехали на мотоцикле»);
1989 г. ВКФ «Молодость» в г. Киев, Гран-при («Конечная остановка»);
1990 г. КФ «Дебют» в г. Москва, Приз за лучший п/м дебют («Конечная остановка»);
1990 г. Смотр-конкурс СК Казахстана в г. Алма-Ата, Гран-при («Конечная остановка»);
1993 г. Смотр-конкурс «Казахское кино сегодня» в г. Алматы, приз за лучший фильм конкурса («Сон во сне»);
1998 г. МКФ «Евразия» в г. Алматы, спец. приз жюри («Ақсуат»);
2000 г. ОКФ «Киношок» в г. Анапа, специальный приз жюри «За остроту ностальгического переживания, воссозданного средствами кино» («Три брата»);
2004 г. ОКФ «Киношок» в г. Анапа, приз за лучшую режиссуру («Охотник»);
2004 г. Премия «Ника», за лучший фильм из стран СНГ и Балтии («Охотник»);
2004 г. МКФ стран Африки, Азии и Латинской Америки в Милане, Первая премия («Охотник»).



2004 ж.

Режиссері мен картинасы:
Апрымов Серік
«Аңшы»

Сыйлықтар:

2004 ж. Анапа қаласындағы «Киношок»
АКФ, Ең үздік режиссура үшін сыйлық;
2004 ж. ТМД және Балтық елдерінің ең үздік
фильмі үшін «Ника» сыйлығы;
2004 ж. Миланда өткен Африка, Азия және
Латын Америкасы елдерінің ХКФ, Бірінші
сыйлық.

Сипаты:

Милиция іздеу салған бала Еркін амалсыз
«өркениеттен» алыстап, Аңшымен бірге өмір
сүруге мәжбүр. Көрермен онымен бірге әр
түрлі сынақтардан: жыртқыш аң-құстармен
күрестен, табиғатпен етене бірігуден, жұмбақ
тастармен бал ашудан, жылқылардың
шапшаң шабысынан, ат үстіндегі жыныстық
қатынастан және т.б. тұратын көшпенділер
өмірінің жаратылыстағыдай тазалығына
толық енеді. Қасқыр мен Аңшы арасындағы
жекпе-жекте қасқыр жеңіп шығады. Ең
ақырында бала дүкенді тонағаны үшін
түрмеге қамалады. Бұл мүмкін ол жалғыз
қалғандықтан болар. Төрт жылдан кейін
Еркін ауылына келгенде, Аңшының өлімі
туралы естіп, оның орнын басуды ұйғарады
да, өзі аңшы болады. Фильмнің барлық
этнографиялық әдемілігі мен түсініксіз
салттығына қарамастан, көрермен атсыз
қаһарманды – Аңшыны өзіне жақындатып,
соның рөліне енеді де, өзін шығыстың жұмбақ
адамымен сәйкестендіреді. Осылайша,
режиссер үшін маңызы зор ежелгі дала
құндылықтары барлық адамзатқа ортақ
мұраға айналады. көлемі, ұзақ ырғақты
өлшем мен ноталар және кейіпкерлердің
ішкі қорқынышы мен әрекетсіздігі сыртқы
әлеуметтік уақыт пен ішкі жарысты
тоғыстырады.

2004 г.

Режиссер и картина:
Апрымов Серик
«Охотник»

Награды:

2004 г. ОКФ «Киношок» в г. Анапа,
Приз за лучшую режиссуру;
2004 г. Премия «Ника»
За лучший фильм из стран СНГ и Балтии;
2004 г. МКФ стран Африки, Азии и Латинской
Америки в Милане, Первая премия.

Описание:

Мальчик Еркін, разыскиваемый милицией,
вынужден жить с Охотником, вдали от
«цивилизации». Зритель вместе с ним
полностью окунается в первозданную чистоту
номадического бытия, составленную из
переливчатых осколков: вечная борьба
с хищниками, абсолютное единение с
природой, загадочные гадания на камнях,
стремительный бег коней, даже секс на
лошади и пр. В поединке между волком
и Охотником побеждает волк. Может
потому, что он остался один – мальчик, в
конце концов, все же угодил в тюрьму за
разгром магазина. Когда же четыре года
спустя Еркін возвращается в свой аул, то,
узнав о смерти Охотника, решает занять его
место, и сам становится охотником. При
всей этнографической красоте и непонятной
ритуальности фильма зритель приближает
безымянного героя – Охотника, вживается
в него и идентифицирует себя с загадочным
восточным человеком. Таким вот образом,
ценности древней степи, которые так важны
режиссеру, становятся общечеловеческим
достоянием.

«Интернет – Банкинг» жүйесі
Заңды тұлғаларға Интернет арқылы қашықтан қызмет көрсетуге арналған «Интернет - Банкинг» жүйесі (ИБЖ) клиенттердің банктің офисіне бармай-ақ банктік операцияларды жүргізуі үшін сәтті қолданылуда.

ЦентрКредит Банкі «Интернет – Банкинг» жүйесі бойынша осы жылы құжат айналымын Банктің заңды тұлғаларының шығыс клиенттік төлемдерінің барлық көлемінің 60%-на дейін ұлғайтты. «Интернет – Банкинг» жүйесіне қосылған компаниялардың саны 16%-ға артып, бүгінгі таңда олардың саны 17 000 болып отыр.

«Үйдегі Банкинг» жүйесі
«Үйдегі Банкинг» жүйесі – клиенттің банк офисіне баруын талап етпейтін және жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсететін жүйе. Банктік есепшоттарды басқару Online – нақты уақыт режимінде Интернет желісі арқылы Клиент үшін ыңғайлы уақыт пен орналасқан орны бойынша өткізіледі.

2010 жылдың соңында «Үйдегі Банкинг» жүйесінің клиенттік базасы 9190 тұтынушыға жетті. 2010 жылдың ішінде «Үйдегі Банкинг» жүйесі бойынша өткізілген төлемдер мен аударымдардың орташа үлесі депозиттер бойынша жеке тұлғалардың операцияларының жалпы санының 5 %-нан асты.

2010 жылы Банктің барлық филиалдық желісі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) РМК-ның Электрондық сандық қолтаңбасын (ЭСҚ) пайдалану арқылы «Үйдегі Банкинг» қызметін ұсыну мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Western Union
«Банк ЦентрКредит» АҚ Western Union халықаралық компаниясының Орталық Азиядағы алғашқы ресми өкілі болып табылады және 1998 жылдан бастап жеке тұлғаларға халықаралық ақша аудару қызметін ұсынып келеді.

Western Union халықаралық ақша аударым жүйесі – бұл банктік есепшот ашпай-ақ, дүние жүзі бойынша ақшаны жылдам және сенімді аудару тәсілі.

Банк Western Union жүйесі бойынша Will Call (жеке тұлғалар арасындағы аударымдар) аударымдарынан басқа Quick Pay (Western Union жүйесіне қосылған заңды тұлғалардың пайдасына жеке тұлғалар жасаған төлемдер) және Quick Cash (жеке тұлғалардың пайдасына заңды тұлғалар жасаған төлемдер) төлемдерін қабылдайды.

2010 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың агенттік желісіне 812 қызмет көрсету орны кіреді.

Альянс Банк, АТФ Банк, Еуразиялық Банк, Delta Bank, ТАИБ Қазақ Банкі, Данабанк, «Ресей Жинақ банкі» ЕБ, Цеснабанк сияқты қазақстандық банктер біздің банктің субөкілдері болып табылады. 2010 жылы оларға Позитив Банк, Альянс Банк, Астана - Қаржы Банкі, Темір Банк, VTB БАНК қосылды.

2003 жылдан бастап «Банк ЦентрКредит» АҚ Еуропа, Орталық Шығыс, Африка және Оңтүстік Азия елдері ішіндегі Western Union жүйесі бойынша 500 ең үздік қызмет көрсету пункттері арасындағы арнайы жарыс бағдарламасының қатысушысы болып табылады. 2010 жылы Центр Кредит Банкі атынан Тараз қаласындағы филиал «Club-500» қатысушысы болды.

Жедел аударымдар
«Жедел аударымдар» жүйесі Банктің өзі әзірлеген бағдарламасы болып табылады және 2000 жылдың шілде айынан бастап сәтті қызмет атқарып келеді. Бұл Жүйе есепшот ашпай-ақ жеке тұлғалардың бүкіл Қазақстан бойынша ақша аударуына мүмкіндік береді. Жүйенің бірегейлігі оның жылдамдығында, оған Интернет-технологиялар мен Банктің корпоративтік желісін пайдалану арқылы қол жеткізуге болады. Қазіргі сәтке дейін тіркелген рекордтық жылдамдық – 2 секунд.

Банк Жүйені пайдаланушыларға өз клиенттерінің ұялы телефондарына ақшаның аударылғаны немесе аударылған ақшаның берілгені туралы хабарлама жіберу қызметін де ұсынады.

2010 жылы Қазақстан Республикасының аумағында «Жедел аударымдар» жүйесі бойынша жүргізілген жеке адамдардың ақша аударымдарының көлемі 7 млрд теңгені құрады. Осы Жүйе бойынша 2010 жылы 128 мыңнан астам ақша аударымдары жүзеге асырылды.

Жедел түсім
«Жедел түсім» жүйесі бойынша Банк ұсынатын қызмет осы жүйеге қосылған компанияның пайдасына Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша ақша түсімін жедел жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ түсетін ақша төлемдері жайында нақты уақыт режимінде шұғыл ақпарат алуды қамтамасыз етеді. Қазіргі сәтте «Жедел түсім» жүйесін Қазақстанның барлық аймақтары бойынша 2000-нан астам заңды тұлға пайдаланады.

2010 жылы «Жедел түсім» жүйесі бойынша 3,1 млн аударымдар қабылданып, заңды тұлғалардың есепшоттарына 94,5 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

Contact
«Банк ЦентрКредит» АҚ 2001 жылдың шілде айынан бастап «Contact» ақша аударымдар жүйесі арқылы операциялар жүргізе бастады.

«Contact» жүйесі жеке тұлғалардың банктік есепшот ашпай-ақ ТМД және қиыр шет елдер бойынша АҚШ доллары, Еуро және Ресей рублімен ақша аударуына мүмкіндік береді.

2010 жылы «CONTACT» жүйесіне жаңа қызмет – жеке тұлғалардан заңды тұлғалардың атына ақша аудару қызметі қосылды.

SMS банкинг
SMS банкинг – 2010 жылғы тамызда тұсауы кесілген жаңа қызмет, ол ағымдағы және депозиттік есепшоттар бойынша хабарламалық, ескертпелік және ақпараттық сипаттағы SMS хабарламалар алуға мүмкіндік береді. Есепшоттар бойынша ақша аудару, төлем жасау және басқа операцияларды жүргізу клиенттер үшін айқын бола түсті, ал бұл клиенттердің Банкке деген сенімін арттырады. 2010 жылдың аяғында жүйеге 5 мыңнан астам клиент тіркелді.



Жол чектерімен жасалатын операциялар
Банк American Express компаниясымен өзінің жол чектерін өткізу саласындағы ынтымақтастығын 1995 жылы бастап, жыл сайын сатылым көлемін арттыра түсуде және осы қаржы құралын дамыту және оны Қазақстан Республикасының банк өнімдері мен қызметтері нарығына тарату бойынша өзінің ұстанымдарын бекіте түсті.

Қазіргі кезде Банктің барлық филиалдарында және есеп айырысу-кассалық бөлімдерінде American Express компаниясының жол чектерін сатып алып қана қоймай, оларды ұлттық және шетел валютасындағы қолма-қол ақшаға айналдыруға болады. Сонымен қатар Банк басқа коммерциялық банктер айналысқа шығарған коммерциялық чектерді төлемге қабылдайды.

American Express компаниясының жол чектерін сату саласындағы саясатының өзгеруіне байланысты жол чектерін сатуға шектеулер қойылды. Бір күннің ішінде бір жеке тұлғаға 25 мың АҚШ долларынан (немесе Ұлттық Банктің есептік бағамы бойынша басқа валютамен баламасынан) аспайтын сомаға бір немесе өзара байланысты бірнеше транзакциялар бойынша American Express жол Чектері сатылуы мүмкін. Белгіленген бір күндік лимит банктің барлық сату орындарында ескеріледі.

2010 жылдың басынан бастап 15 млн АҚШ доллары, 5 млн Еуро сомасына жол чектері сатылды. Долларға шаққанда жол чектерін сату көлемі 22,3 млн АҚШ долларын құрады.

Сатылымдар нарығында орын алған теріс қарқынға қарамастан, Банк Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктер ішінде айқын көшбасшы болып келеді және ТМД елдері банктерінің арасында үшінші орынды иеленді.

Ақпараттық анықтама қызметі және Телефондық Банкинг
Call Center (БЦК-ның телефондық анықтама қызметі) – 2010 жылы әр түрлі

коммуникациялар (phone, fax, e-mail, web) бойынша келіп түскен 2,5 млн аса клиенттердің сұраныстары/өтініштері, оның ішінде 328 645 телефондық кіріс сұраныстары (негізінен банк ұсынатын қызметтер бойынша кеңес беру) орындалды, (SL) қызмет көрсету кезінде 77:20 (77% клиенттер 20 секундта хабарласты), бір жылда Call Center операторларына қоңырау соға алмағандар 4.503%, жауап беру жылдамдығы 10 секундты құрады.

Автоматтық Call Center аясында БЦК клиенттеріне (жеке, заңды тұлға және ЖК) топтық шығыс телефондық автоқоңырау шалу бойынша 120 кампания іске асты, ол бойынша 28 667 оң нәтижеге қол жетті. Байланыс арналары арқылы жыл бойы қызмет көрсету сапасы бойынша БЦК қаржы тобы клиенттерінің 1 633 өтініші қабылданды және іске асырылуға жөнелтілді.

Contact Center арқылы клиенттерге 65 мың жеке хат (БЦК қаржы тобының қызметтері бойынша кеңес беру және жаңалықтар) жөнелтілді. Клиенттердің әр түрлі санаттарына жаппай e-mail хабарлама жіберу бойынша 43 кампания орындалды. Жалпы алғанда, банктің клиенттеріне 160 мыңнан астам хат жөнелтілді.

БЦК сайтының белгілі бір тарауларын Internet – сүйемелдеу, бөтен сайттарға (бизнес-жаңалықтарға, сыртқы ақпараттық ортадағы БЦК туралы басылымдарға) мониторинг жүргізу. Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметіне 232 шолу жасалып, жарияланды.

2010 жылы ТБЖ-ға қосылған жаңа клиенттердің (заңды, жеке тұлға және ЖК) саны 15 мыңнан асты. 2010 жылдың аяғында ТБЖ клиенттерінің барлық саны 50 мың болды. 2010 жылы ТБЖ-ға қосылуға өтініш білдіргендердің жалпы саны 376 932, оның ішінде транзакциялардың саны 244 831 құрады. Клиенттердің ТБЖ-дағы белсенділігі 40.6%-ды құрады.

«ЦентрКредит Банкі» шығарылған карточкалар саны мен эквайринг желісін дамыту бойынша Қазақстан Республикасының төлем карточкалары нарығында жетекші төрт банктің қатарына кіреді.

2010 жылғы 01 желтоқсандағы мәліметтер бойынша айналымдағы карточкалар саны бойынша банктің нарықтағы үлесі 7,8 % құрады. 2010 жылы шығарылған карточкалардың саны 285 165 карточканы құрады. 2010 жылдың басындағы көрсеткіштермен салыстырғанда, айналымға шыққан карточкалар санының өсімі 25,7%-ды құрады. 01.01.2011 жылғы мәліметтер бойынша айналымға шыққан карточкалар саны 653 535 дананы құрады.

Банкоматтар арқылы жасалған транзакциялардың көлемі 58%-ға артып, 188,6 млрд теңгені құрады. Сауда желісіндегі айналым 58%-ға өсіп, 2,8 млрд теңгені құрады. ЦентрКредит Банкі желісіндегі қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер саны 2010 жылы 1 684 440, ал олардың көлемі 12,3 млрд теңгені құрады.

2009 жылмен салыстырғанда Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету желісі әлдеқайда

кеңіді, қолдануға болатын банкоматтардың саны – 666 дана. Сауда және сервис мекемелерінде 1 033 pos-терминал орнатылды, 408 pos-терминал банктің филиалдарында қызмет көрсетеді.

2010 жылы Банк карточкалары бойынша ұсынылатын өнімдерінің санын көбейту жөнінен біршама жұмыстар жүргізді. Банк MasterCard Worldwide халықаралық төлем жүйесінде эмиссия және АТМ-эквайринг сертификаттығынан өтті. Банктің өнімдік желісін Maestro, MasterCard Standard, MasterCard Gold, MasterCard Platinum сияқты төлем карточкалары толықтырды. «Gift Card» жаңа карточкалық өнімі енгізілді.

2010 жылы несиелік/дебеттік карта бойынша бизнес-процестерді жетілдіру жұмыстары жүргізілді: автоматты карточкалық скоринг жүйесі әзірленіп, енгізілді.

Банк несие карточкаларының қызметін дамытуға басты назар аударды, сондай-ақ өзіне-өзі қашықтан қызмет көрсету мүмкіндіктерін дамыту бойынша жұмыстар атқарылды (Cash in банкоматтары).

«Банк ЦентрКредит» АҚ – қаржылық қызметтер нарығында 22 жылдық мол тәжірибесі бар, жоғары білікті мамандардан құрылған команда.

Банк қызметкерлерінің орта жасы – 33 жас. 2010 жылдың соңында қызметкерлердің жалпы саны 4 760 адамды құрады, оның ішінде: бас офисте – 890 адам, филиал желісінде – 3870 адам. Филиалдардағы қызметкерлердің жалпы санының үлес салмағы 81,3%-ды құрады. Сапалы құрам бойынша 80% қызметкерлердің жоғарғы білімі бар. Бас офистің 23 қызметкері және филиалдардың 17 қызметкерінің Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Банкте ең алдымен мансаптық өсу аясында қызметкерлердің Банк жүйесі ішінде өсуіне бағытталған қызметкерлерді конкурстық негізде іріктеу процесі жолға қойылған.

Банк еліміздің жетекші оқу орындарымен белсенді түрде бірлесіп жұмыс істейді. Оқу орындарының студенттері мен бітірушілері банктік қызмет бағыттары бойынша бөлімшелерде өндірістік тәжірибе мен тағылымдамадан өтеді. Тағылымдамадан өткен жас мамандар көрсеткен оң нәтижесі бойынша Банкке жұмысқа қабылданады.

Банк ішкі, сыртқы және қашықтан оқытуды ұйымдастыру арқылы өз қызметкерлерінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіреді. Стратегиялық серіктесі Kookmin банкімен бірігу аясында есепті жылы қызметкерлерді өсіру бойынша міндеттерді жүзеге асыру басталды, ол банктің қызметкерлерін жан-жақты дамытуға бағытталды.

Өткен жылы 4047 адам арнайы кәсіби оқумен қамтылды, оның ішінде 825 қызметкер Қазақстанда және шетелде қысқа мерзімді және тіл курстарына оқуға қатысса, 2752 тыңдарман Банктің корпоративтік оқу орталығында білімі мен дағдыларын жетілдірді. Ең алдымен филиал қызметкерлерінің біліктілігін дамытуға бағытталған қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда. Қызметкерлерді оқыту жүйесін жетілдіруге және Ішкі тренерлер

институтын құруға бағытталған оқытудың тиімділігін бағалау енгізілді.

Банк мемлекеттік тілді енгізу мен дамытуға ерекше көңіл бөлуде. «Банк ЦентрКредит» АҚ жүйесінде іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді ұйымдастыру туралы қағидаға» сәйкес барлық бланкілер, шарттар, келісімдер, келісімшарттар, жарнама материалдары, өнімдер мен қызметтер туралы ақпарат клиенттерге мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі. Сонымен қатар Банк мемлекеттік тілде клиенттерге автоматтық режимде банктің қашықтан көрсететін қызметтерін пайдалануға, барлық банктік операцияларды жүргізуге, төлемдік және анықтамалық құжаттарды алуға мүмкіндік жасады.

Банк корпоративтік мәдениетті дамыту мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөледі. Қызметкерлер күнделікті жұмыста іскерлік және кәсіби дағдыны сақтай отырып, өз әріптестерімен, банктің клиенттерімен және серіктестерімен қарым-қатынаста адалдық, кәсібилік, шапшаңдық, қайырымдылық сияқты банктің корпоративтік құндылықтарын орындауға ұмтылады.

Корпоративтік дәстүрлерін басшылыққа ала отырып, Банк еліміздің әлеуметтік-қоғамдық өміріне де белсене араласады. Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойы қарсаңында Банк Банктің клиенттері болып табылатын еңбек және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, сондай-ақ Банктің зейнеттегі қызметкерлеріне арнап атаулы іс-шаралар ұйымдастырды.

Әлеуметтік жауапкершілік аясында Банктің қызметкерлері Қоғамдық балалар қорына гуманитарлық көмек көрсету, сондай-ақ Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында орын алған қайғылы су тасқыны жағдайларында зардап шеккен халыққа ақшалай қолдау көрсету шараларына бір кісідей жұмыла қатысты.

Банк корпоративтік желіні дамытуға 72 миллион теңге, сондай-ақ компьютерлік техникаға 75 миллион теңге және серверлік жабдыққа 247 миллион теңге бөлді. «Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл» модулі, «Салық инспекторы» АЖО әзірленді. «Банк БЦК - Мәскеу» ЖШҚ, «Центр Лизинг» ЖШС, «Капитал» ЖЗҚ АҚ, «BCC Invest» АҚ еншілес компанияларымен бірігіп, шоғырландырылған есепті жүргізетін «Қаржылық консолидация» жүйесі құрылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің

жоспарына сәйкес Банк 20-сандық есепшотқа көшті. Kookmin банкімен біріге отырып «Мәліметтердің біртұтас корпоративтік қоймасы» жобасын енгізуде.

Ақпараттық технологиялар қызметінің сенімділігін арттыру үшін Бас офистің аясында «HelpDesk» жүйесі енгізілді, оны филиалдарға тарату жоспарлануда. Банктің барлық АТ-сервисіне тәулік бойы автоматты мониторинг жүргізуді қамтуға бағытталған «Мониторингтің бірыңғай жүйесі» жобасы басталды.

ӨТКІЗУ ЖЕЛІСІ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу желісі 2011 жылғы 01 қаңтардағы мәліметтер бойынша 20 филиал мен филиалдардың 179 құрылымдық бөлімшелерінен тұрады.

Филиалдардың құрылымдық бөлімшелері келесі нысанда көрсетілген:

- VIP- орталық – 1;
- Қаржылық қызмет көрсету орталығы – 38;
- Жекелеп қызмет көрсету орталығы – 40;
- Есеп айырысу-кассалық бөлімі – 100.

Республикамыздың барлық облыс орталықтарында және ірі қалаларында Банктің филиалдары бар. Жалпы алғанда, филиалдар мен филиалдардың құрылымдық бөлімшелері Қазақстанның барлық аумағындағы 50-ден аса елді мекенде орналасқан. Құрылу нысанына (VIP-орталық, ҚҚО, ЖҚО, ЕКБ) қарамай, филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің шамамен 90% банк қызметінің барлық түрлерін ұсынады.



«BCC Invest» АҚ

«BCC Invest» АҚ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы болып табылады және өз қызметін жүргізу үшін қажетті барлық лицензиялар мен рұқсаттарға ие. «BCC Invest» АҚ – инвестициялық компания, оның міндеті – клиенттерге қор нарығы арқылы көздеген мақсаттарына жетуге көмек көрсету.

Компанияның принциптері: қаржы күші, қызмет көрсету сапасы және нарықтағы белсенділік.

«BCC Invest» АҚ клиенттерге төмендегі қызмет түрлерін ұсынады:

- Брокерлік қызмет (бағалы қағаздарды сатып алу-сату операцияларын, маркет-мейкер қызметін қоса есептегенде);
- Қаржы мәселесі бойынша кеңес беру;
- Атаулы ұстаушының қызметі;
- Андеррайтинг қызметі;
- Корпоративтік қаржыландыру және қаржылық консалтинг (соның ішінде бағалы қағаздарды шығару және орналастыру, компанияны акционерлеу, бағалы қағаздарды ұйымдастырылған қаржы нарығына шығару, борыштарды қайта құрылымдау, қосылу және қосып алу, синдикатталған қарыз беру, жобалық қаржыландыру, компанияның ішкі құнын бағалау және т.б.);
- Инвестициялық портфельді басқару (активтерді басқару стратегиясын таңдау, экономика секторлары мен эмитенттер бойынша инвестициялау бағытын анықтау, талдап сүйемелдеу және кеңес беру).
- Ақпараттық-сараптамалық шолу (қаржы нарығының, валюта бағамдарының және бағалы қағаздар үрдісі жөнінде болжамдарды әзірлеу; фронт-офис үшін инвестициялық кеңес беру, эмитенттердің қаржылық қызметін талдау және компания құнын бағалау, бағалы қағаздар портфелін талдау).

Компанияның 2010 жылғы қызметінің нәтижесі:
■ Меншікті капиталы 19%-ға өсіп, 1 610 млн теңгені құрады. «BCC Invest» АҚ Банктің жүз пайыздық еншілес ұйымы болып табылады.

- Активтер: халықаралық стандарттарға сәйкес Компанияның жиынтық активтері 2 189 705 мың теңгені құрады. Өткен жылмен салыстырғанда олардың көлемі 34%-ға артты.
- 01.01.2011 жылғы мәліметтер бойынша «Парасатты баланс» атты ИПИҚ, Orient Investments атты ТИАИҚ АҚ қолданыста. Инвестициялық қорлардың жиынтық көлемі 775 млн. теңгені құрады.
- «BCC Invest» АҚ басқаруындағы «ЦентрКредит – Парасатты баланс» ИПИҚ 2007 жылдан бастап іс-әрекет етеді. 2010 жылдың қорытындысы бойынша «ЦентрКредит – Парасатты баланс» ИПИҚ жылдық 12% мөлшерінде табыс берді. Қордың негізі қаланған сәттен бастап кірістілігі – жылдық 12,5%.
- Компанияның таза пайдасы 262 035 мың теңгені құрады.

«Капитал» ЖЗҚ АҚ
«Капитал» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы.

«Капитал» ЖЗҚ зейнетақы қызметі нарығында 2001 жылғы қазаннан бастап қызмет атқарады. Қызметінің бағыттары: зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызмет көрсету.

Біздің табысты қызмет етуіміздің негіздері жауапкершілік, адалдық, біліктілік «Капитал» зейнетақы қорының әрбір салымшысына лайықты болашаққа кепілдік береді.

Корпоративтік құндылықтар
Адамдарға құрметпен және қамқорлықпен қарау, зейнетақы қызметі нарығында үздік тәжірибе жинау.

- 2010 жылдың қорытындысы бойынша Қор қызметінің нәтижесі:
- Зейнетақы активтері – 110 610 млн. теңге (өсімі 33%);
 - Салымшылар саны – 379 113 адам (өсімі 9,7%);
 - Төлем сомасы – 4 844 млн теңге, оның ішінде 2010 жылы 2 273 млн теңге;

- Жарғылық капитал – 1 982 млн теңге (өсімі 32%);
- Меншікті капитал – 3 225 млн теңге (өсімі 44%);
- Зейнетақы активтерінің көлемі жөнінен жүйе бойынша 6 (алтыншы) орынды иеленеді.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша «Капитал» ЖЗҚ салымшыларының жалпы саны **33 651 адамға артып, 379 113 адамды құрады.** 2010 жылы салымшылардың жалпы саны 9,7%-ға артты.

Капитал ЖЗҚ 2010 жылы зейнетақы активтерін 27,6 млрд теңгеге ұлғайтты, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 110,6 млрд теңгені құрады. Зейнетақы активтерінің өсімі 33,2%-ды құрады. Зейнетақы активтерінің көлемі бойынша Қор еліміздің ірі зейнетақы қорларының үздік алтылығына кіреді. 2011 жылдың басында бір салымшыға есептелген зейнетақы салымдары **291,7 мың теңгені құрады.**

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Капитал ЖЗҚ зейнетақы активтерінің жоғары қарқынмен өсуіне 17,6 млрд теңгеден аса сомаға зейнетақы жарналарының түсуі, 6.8 млрд теңге сомасында басқа зейнетақы қорлары салымшыларының зейнетақы жинағының түсуі (аударым сальдосы) және 5,2 млрд теңге сомасында салымшылардың есепшотына есептелген таза инвестициялық кіріс негіз болды.

Атаулы табыс коэффициенті (K60) 5 жыл ішінде **53,4 тармақты құрады**, ол табыстың орташа көрсеткішінен 22,7%-ға (43,55) артық.

1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Капитал ЖЗҚ атаулы табысының коэффициенті (K2) 12 айда 5,83 құрады және зейнетақы жүйесі бойынша ұқсас кезең үшін атаулы табыстың орташа көрсеткішінен 1,44 (4,39) тармаққа жоғары.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша Қордың зейнетақы активтерінің

- 64,93% Қазақстан Республикасының сенімділігі жоғары мемлекеттік бағалы қағаздарына орналастырылған. Корпоративтік облигациялардың портфельдегі үлесі 31,45%-ды құрайды. 2011 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Капитал ЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі келесі түрде берілген:
- ҚР Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздар (МБҚ) – 64,9%;
 - Қазақстан Республикасы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар – 31,2%;
 - шетелдік эмитенттер шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар – 0,3%;
 - халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 2,0%;
 - Ұлттық Банктегі және ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар – 1,5%;
 - инвестициялық есепшоттағы қаражат және басқа активтер – 0,1%.

2010 жылғы қыркүйекте «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігі «Капитал» Қорына **«Сенімділіктің жоғарғы дәрежесі» атты А рейтингін берді.** Берілген рейтинг объективті және тәуелсіз бағаны білдіреді. Оған инвестициялық портфельдің тәуекелдігінің төменгі деңгейі, үш және бес жыл бойынша табыстылықтың жоғарғы көрсеткіштері, зейнетақы активтерінің тұрақты табыстылығы оң ықпалын тигізді. Меншікті капиталдың мөлшерінің қарқынды өсімі де оң бағасын алды.

Қор Республикамыздың барлық аймақтарында өз қызметін көрсетуде. Салымшылар үшін «Капитал» ЖЗҚ АҚ-тың 53 өңірлік офисі қызмет етеді. «Capital Club» дисконттық клубы табысты дамуда. Бүгінгі таңда «Капитал» ЖЗҚ салымшыларына 350-ден астам серіктес компаниялар 3%-дан 50%-ға дейін жеңілдіктер ұсынады.

2010 жылы «Капитал» ЖЗҚ Қаржылық қадағалау агенттігінің (ҚҚА) пруденциалдық талаптарын толық көлемде орындады. 2011 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтер бойынша Қордың меншікті капиталы 0,99 млрд теңгеге артып, 3,22 млрд теңгеге жетті.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес компаниясы «Центр Лизинг» ЖШС.

1) Лизинг портфелін ұлғайту жөнінен 2010 жылы атқарылған жұмыстар:
Ауыл шаруашылығы


- «Борусан Макина» компаниясымен бірге солтүстік аймақтарға (Астана, Петропавл, Көкшетау, Қостанай) шығып, ауыл шаруашылығымен айналысатын компаниялармен кездесулер өткізді;
- «Борусан Макина» компаниясымен бірге бірлескен жоба іске қосылды (ЕҚДБ қаражатының есебінен қаржыландыру, «Борусан Макина» қаражатының есебінен жәрдем қаржы беру);
- Challenger, John Deere, Class дистрибьюторларымен бірге Астана қаласындағы халықаралық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты;

■ БЦК бірқатар филиалдарының қызметкерлері үшін арнайы семинарлар өткізілді.

Жол құрылысы

- «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолының құрылысына қатысушылар бойынша белсенді маркетинг жүргізілді;
- Hyundai және Caterpillar сауда белгілерінің ресми дистрибьюторларымен кездесулер өткізіліп, клиенттер үшін бірлескен ұсыныстар әзірленді.
- БЦК клиенттері мен күнделікті тұтынатын тауарларды өндірушілер үшін 1 543 компанияға ұсыныс-хабарлама жөнелтіліп, оның ішінде 234 компаниямен келісім жүргізілді.

Жылдық есеп 2010 Годовой отчет



01.01.2011 ж. мәліметтер бойынша клиенттер саны (несиелік портфель):

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы – «Банк БЦК – Мәскеу» Жауапкершілігі шектеулі қоғамы 2007 жылғы желтоқсанда құрылды.

Банк қызмет еткен кезеңде тұрақты клиенттік база жасақталып, кәсіби білікті мамандар ұжымы құрылды, шағын және орта кәсіпорындарға арналған өнімдер әзірленіп, енгізілді.


2010 жылғы қыркүйекте Банк салымды сақтандыру жүйесінің қатысушы болып, жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын тарту қызметімен айналысуға Ресей банкінен лицензия алды. Лицензия алған сәттен бастап аз уақыт ішінде Банк өзінің банктік өнімдерінің және жеке тұлғаларға арналған қызметтерінің кең ауқымын жасады.

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Банкке шетел және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін, сондай-ақ қысқа мерзімді рейтингін В деңгейінде белгіледі. Қолдау рейтингі – 4 және ұлттық ұзақ мерзімді рейтингі – BBB-(rus). Болжам – «тұрақты».

2010 жылы «Банк БЦК – Мәскеу» Мәскеу қаласының Шағын бизнесті несиелеуге ықпал ету қорының уәкілетті банкі болды. Сонымен қатар Банк Мәскеу облысының Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуге ықпал ету қорының бағдарламасына қатысты. Бұл Қорлардың уәкілетті банкі мәртебесі Банктің шағын және орта бизнес өкілдері болып табылатын клиенттеріне қосымша мүмкіндіктер береді. Банк Ресей даму банкі жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мемлекеттік бағдарламасына қатысушы болды. Ресей даму банкімен несие шартына қол қойып, ол бойынша Банк шағын және орта бизнесті несиелеу операцияларын қаржыландыру үшін 5 жылға дейінгі мерзімге қаржы алды.

2010 жыл ішінде Банк шағын және орта бизнеске 1 500 млн рубль көлемінде несие берді. Бір несиенің орташа сомасы 10 млн рубль болса, ШОБ субъектілері үшін Мәскеу Қорының кепілдіктерінің лимиті 375 млн рубльге жетті.





Александр Баранов,
режиссер, сценарист

Өмірбаяны

1955 жылы 20 наурызда Қазақ КРС Талдықорған облысы Көктал кентінде дүниеге келген. 1985 жылы Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтының сценарий факультетін (Н. Фигуровский, А. Балихин шеберханасы) тәмамдаған. 1985 жылдан бастап «Қазақфильм» киностудиясында еңбек етеді.

Режиссер

1988 ж. «Үшеу» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге;
1989 ж. «Бүгінгі күн әйелі» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге;
1990 ж. «Кене» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге;
1996 ж. «Шанхай» (Қазақстан);
1997 ж. «Жаңа жылдық оқиға» (Ресей);
2003 ж. «Учаске» (Ресей);
2005 ж. «Громовтар отбасы» (Ресей);
2006 ж. «Дуаланған учаске» (Ресей).

Биография

Родился 20 марта 1955 г. в с. Коктал Талды-Курганской обл. Казахской ССР. В 1985 г. окончил сценарный факультет ВГИКа (мастерская Н. Фигуровского, А. Балихина). С 1985 г. работает на к/с «Казахфильм».

Режиссер

1988 г. «Трое» (СССР), совместно с Б. Килибаевым;
1989 г. «Женщина дня» (СССР), совместно с Б. Килибаевым;
1990 г. «Клещ» (СССР), совместно с Б. Килибаевым;
1996 г. «Шанхай» (Казахстан);
1997 г. «Новогодняя история» (Россия);
2003 г. «Участок» (Россия);
2005 г. «Громовы» (Россия);
2006 г. «Заколдованный участок» (Россия).

Сценарист

1985 г. «Дамир плюс Дина» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;



Сценарист

1985 ж. «Дамир плюс Дина» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1987 ж. «Кімсің салт атты?» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1988 ж. «Бірге» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1988 ж. «Дархан» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1988 ж. «Ине» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1988 ж. «Үшеу» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1989 ж. «Бүгінгі күн әйелі» (КСРО), Б. Қилыбаевпен, А. Павловпен бірге сценарий авторы;
1990 ж. «Кене» (КСРО), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы;
1992 ж. «Өлім алабы» (Қазақстан), сценарий авторы;
1993 ж. «Түсімде көрдім» (Қазақстан), Л. Ахинжановамен бірге сценарий авторы;
1995 ж. «Абай» (Қазақстан/Франция), Л. Ахинжановамен, С. Апрымовпен бірге сценарий авторы;
1996 ж. «Шанхай» (Қазақстан), сценарий авторы;
2000 ж. «Десант» (Қазақстан), сценарий авторы;
2001 ж. «Югра алтыны» (Ресей), Р. Ефремовамен, Е. Кузнецовамен бірге сценарий авторы;
2001 ж. «Саятшылық кезеңі 2» (Ресей), сценарий авторы;
2005 ж. «Громовтар отбасы» (Ресей), Б. Қилыбаевпен бірге сценарий авторы.
Сыйлықтар
1988 ж. Киев қаласындағы «Жастық шақ» БКФ, Бас жүлде («Үшеу»);
1988 ж. Мәскеу қаласындағы «Дебют» КФ, Бас жүлде («Үшеу»).

1987 г. «Кто ты, всадник?» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1988 г. «Вместе» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1988 г. «Дархан» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1988 г. «Игла» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1988 г. «Трое» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1989 г. «Женщина дня» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым, А. Павловым;
1990 г. «Клещ» (СССР), автор сценария совместно с Б. Килибаевым;
1992 г. «Долина смерти» (Казахстан), автор сценария;
1993 г. «И увидел во сне» (Казахстан), автор сценария совместно с Л. Ахинжановой;
1995 г. «Абай» (Казахстан/Франция), автор сценария совместно с Л. Ахинжановой, С. Апрымовым;
1996 г. «Шанхай» (Казахстан), автор сценария;
2000 г. «Десант» (Казахстан), автор сценария;
2001 г. «Золото Югры» (Россия), автор сценария совместно с Р. Ефремовой, Е. Кузнецовой;
2001 г. «Сезон охоты 2» (Россия), автор сценария;
2005 г. «Громовы» (Россия), автор сценария совместно с Б. Килибаевым.

Награды

1988 г. ВКФ «Молодость», г. Киев, Гран-при («Трое»);
1988 г. КФ «Дебют», г. Москва, Гран-при («Трое»).



1996 ж.

Режиссері мен картинасы:
Александр Баранов,
«Шанхай»

Сипаты:
Бір кездері адамдар Алматының орталығында көне үйлерде мекендеген. Тату-тәтті өмір сүрген, бірігіп ән айтқан, діни өзгешеліктеріне қарамастан бір-біріне хабарлап, шошқа сойған, самогон ішкен. Кейін олардың елі карта бетінен жойылғандықтан, ауданды да жою ұйғарылған. Біреулері Германияға жиналса, енді біреулері жаңа үйге қоныстануға бет бұрған. «Шанхай» қауымы тарады. Біз оның өмір сүруінің соңғы жеті күнін куәгері боламыз. Фильм фольклорлық әсерге, қарапайым әңгімелерге, частушкарға, қорқынышты оқиғаларға толы. Режиссер баяндаған жеті оқиғаның «тығыз», «дәмді» мәтіні көрерменнің көңілін жаулап алады. Қарапайым тұрғындар зор фигураларға өседі, ал КСРО-ның ыдырауының метафорасы сияқты жер сілкінуі адамдарды бір-бірінен ажыратпайды, қайта керісінше, біріктіреді. Ортақ Үй мызғымас бекініс болып қала береді.

1996 г.

Режиссер и картина:
Александр Баранов
«Шанхай»

Описание:
Жили когда-то люди в самом центре Алматы, в старых домишках. Жили весело, дружно, пели хором песни, резали сообща, без религиозных различий, свинью, пили самогон. Потом их страна исчезла с карты, а район тоже решили сносить. Кто-то засобирался в Германию, кто-то — в новые дома. «Шанхайская» община распалась. Мы становимся свидетелями последних семи дней ее существования. Фильм переполнен обаянием фольклора, каких-то незамысловатых баек, частушек, страшилок. Сам «плотный», «вкусный» текст семи историй, рассказанных режиссером, не оставляет зрителя равнодушным. Скромные жители перерастают в исполинские фигуры, а землетрясение, как метафора распада СССР, не разъединяет, а наоборот, сплавливает людей. Общий Дом остается как несокрушимая твердыня.



«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Тәуелсіз аудиторлардың есебінің 2-3-беттерінде көрсетілген тәуелсіз аудиторлардың міндеттемелерінің сипаттамасымен бірге ғана қаралатын төмендегі мәлімдеме «Банк ЦентрКредит» Акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымдарының (бұдан кейін – «Топ») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен Топ басшылығының жауапкершілігін жіктеу мақсатында жасалған.

Топ басшылығы 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың қаржылық жағдайын шынайы сипаттайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес жоғарыда көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша оның қызметінің нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістері үшін жауап береді.

- Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қор басшылығы төмендегілер үшін жауап береді:
- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оларды бірізділікпен қолдану;
 - негізді бағамдар мен есептерді қолдану;
 - ҚЕХС талаптарын орындау, қаржылық есептілікке жасалған барлық түсініктемелердегі ҚЕХС сәйкессіздіктерді айқындау;
 - Заңға қайшы болған жағдайлардан басқа кезде, Топ жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деген сеніммен қаржылық есептілікті дайындау.

- Сонымен қатар басшылық төмендегілер үшін де жауап береді:
- Топтың барлық құрылымдық бөлімшелерінде тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін жасау, ендіру және оның қызмет етуін қамтамасыз ету;
 - Топтың қаржылық жағдайы туралы есептілікті жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен кез келген сәтте дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымдастыру және жүргізу және қаржылық есептіліктің ҚЕХС сай болуын қамтамасыз ету;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
 - Топтың активтерін сақтау үшін өз құзыреттерінің аясында шара қолдану, және алаяқтық жағдайларын және басқа да қаскүнемдіктерді айқындау және олардың алдын алу.


2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша осы қаржылық есептілікті Топтың Басқармасы 2011 жылдың 17 ақпанында бекітті.

Топ Басқармасының атынан:



Ли В.С.
Басқарма төрағасы

2011 жылғы 17 ақпан
Алматы қаласы



Кайнарбекова Г.К.
Бас бухгалтер

2011 жылғы 17 ақпан
Алматы қаласы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

